



## Құрметті студент!

2018 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B050900	«Қаржы»	1. Экономикалық теория 2. Макроэкономика 3. Қаржы 4. Корпоративтік қаржы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  - Экономикалық теория
  - Макроэкономика
  - Қаржы
  - Корпоративтік қаржы
- Тестілеу уақыты – 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Экономикалық теория

1. Экономикалық теория зерттейді:

- A) Бағаны қалыптастыру процесін
- B) Техникалар және тауар қызметтерін өндірудің тәсілдерін
- C) Қоғамдағы адамдардың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін шектелген ресурстарды тиімді пайдалану туралы ғылымды
- D) Қоғамның дамуын
- E) Шектеулі ресурстарды тиімді пайдалануын
- F) Экономиканы басқарудың шаралық жиынтығын
- G) Ұлттық нарықтың дамуын

2. Экономикалық теория зерттейді:

- A) Қоғамдық өндірістегі адамдар арасындағы қатынасты
- B) Өндірістік факторларды
- C) Адамдардың өзара қарым-қатынасын
- D) Шаруашылық жүйесін жүргізуді
- E) Адамның қоғамға қатынасын

3. Барлық экономикалық жүйелерді қалыптастырудың негізгі мәселесі:

- A) Айырбас құны
- B) Натуралды шаруашылықты күшейту
- C) Инвестиция құю
- D) Тұтынушының ұсынысы
- E) Өндірісті ұлғайту

4. Мемлекеттік меншікке, орталықтан жоспарлауға негізделген экономикалық жүйе:

- A) Тауарлы
- B) Индустриалды
- C) Әкімшілік-әміршілік
- D) Аралас
- E) Нарықтық

## 5. Нарықтың кемшілігі:

- A) Өзгеретін жағдайларға тез бейімделуі және икемделуі
- B) Тауарлар мен қызметтерді ұжымдасқан түрде өндіруге ынта тудырмайды
- C) Шығындарды азайту және пайданы көбейту мақсатымен жаңа технологияларды оперативті қолданды
- D) Нарық еңбек пен табысқа құқықтық кепіл бермейді
- E) Қоғамда теңсіздікті туғызады
- F) Қоғамдық өндірісті әлсіз, икемсіз, қабілетсіз кәсіпкерлерден тазартады
- G) Шешім қабылдауда, келісім жасауда өндірушілер мен тұтынушылардың тәуелсіздігін

## 6. Нарықтың мәні:

- A) Өндіру, бөлу, айырбас, тұтыну және сатумен сатып алу арқылы жүзеге асырылатын ұйымдық-экономикалық қатыстар жүйесі
- B) Айырбас айналыс категориялары өзара тығыз байланысты және тұрмыстық деңгейде жай теңестіріледі
- C) Сұраныс пен ұсыныс бағаны қалай анықтайтыны туралы түсінік
- D) Өндірушілердің сатуға ұсынатын тауарларын ақша көмегімен айырбастау процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығы
- E) Табыс пен шығындарды салыстыру негізінде қалыптастыру

## 7. Меншіктің еңбегімен өндірілген өнімге байланысты еңбек түрлері:

- A) Нақты еңбекпен
- B) Жалдамалы еңбекпен
- C) Әлеуметтік саяси еңбек
- D) Жеке шаруашылық еңбекпен
- E) Абстрактылы еңбекпен
- F) Жеке еңбекпен
- G) Жеке өнімдерді өндіру

## 8. Тауардың қасиеттері:

- A) Ұлттық өнім, табыс, сауда
- B) Өндірушінің өзі тұтынатын еңбек өнімі
- C) Қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру қасиеті бар зат
- D) Тұтыну құнына ие зат
- E) Айырбас құнына ие тауар

9. Өндіріс факторлары:

- A) еңбек өнімділігі
- B) жер
- C) игіліктер
- D) капитал
- E) өндіргіш күштер

10. Ұсыныс икемділігі:

- A) Баға деңгейінің 1 пайызға өсуіне қатысты ұсыныс мөлшерінің өзгеруі
- B) Табыстың салыстырмалы өсуі кезіндегі сұраныс мөлшерінің өзгеруі
- C) Бағаның 1 пайызға өзгеруінің сұранысқа әсері
- D) Табыстың (пайыздық) өсуі кезіндегі сұраныс мөлшерінің өзгеруі
- E) Субституттар бағасының өзгеруі кезіндегі сұраныс мөлшерінің (пайыздық) өзгеруі
- F) Баға деңгейінің 1 пайызға төмендеуіне қатысты ұсыныс мөлшерінің өзгеруі
- G) Бағаның 1 пайызға өзгеруі кезіндегі ұсыныс мөлшерінің (пайыздық) өзгеруі

11. Сұраным заңы әрекет етпейді:

- A) Тауарлар тапшылығы кезінде
- B) Субсидияларды арттырған жағдайда
- C) Сапасыз тауарлардың бағасы төмендеген жағдайда
- D) Нарықтағы сатып алушылар саны азайған жағдайда
- E) Нарықтағы сатушылар саны артқан жағдайда
- F) Салықтарды көбейткен жағдайда

12. Айнымалы фактордың қосымша бір бірлігін пайдалана отырып өндірілген жалпы өнімнің өсімі:

- A) MP
- B) Average product
- C) Total product
- D) Орташа өнім
- E) Marginal product
- F) TP

13. Меншік иесінің табысының түрі:

- A) Ұтым
- B) Дивидент
- C) Пайыз
- D) Шығын
- E) Қор
- F) Тұтыну

14. Банктік несие түрі:

- A) Коммерциялық несие
- B) Халықаралық несие
- C) Кәсіпорын несиесі
- D) Бір кәсіпорынның несиесі басқаға
- E) Тауарға төлемді қалдыру
- F) Ломбардтық несие

15. Өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын айнымалы (өзгермелі) шығын:

- A) Қисығы өнім саны абциссасына параллель болады
- B) Қисығы өнім саны абциссасына перпендикуляр болады
- C) Бастапқы кезде өндіріс көлемінің ұлғаюымен қатар қарқынды ұлғайып отырады
- D) Өнім өндіру процесі басталмастан бұрын пайда болады
- E) Фирма еш нәрсе өндірімеген жағдайда да төленеді
- F) Қисығы шығындар шамасы ординатасына параллель болады

16. Өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелсіз бір қалыпты деңгейде төленетін тұрақты шығын:

- A) Қисығы өнім саны абциссасына параллель болады
- B) Қисығы өнім саны абциссасына перпендикуляр болады
- C) Өнім шығарылмаған уақытта нөлге тең болады
- D) Фирма еш нәрсе өндірімеген жағдайда да төленеді
- E) Қисығы шығындар шамасы ординатасына параллель болады
- F) Шикізатқа, отынға, қуат көзіне, көлік қызметіне, еңбек ресурстарына жұмсалады
- G) Бастапқы кезде өндіріс көлемінің ұлғаюымен қатар қарқынды ұлғайып отырады

17. Бұл қоғамның дамуы мен өмір сүруі үшін қажетті материалдық және рухани игіліктерді құру процесі:

- A) жұмыс күші
- B) құрылым
- C) өндіргіш күштер
- D) табиғи фактор
- E) өндірістік қатынас
- F) жұмыс машинасы

18. Еңбек нарығы бәсекеге қабілетті болады, егер:

- A) Нарық мүшелері еңбек ақыға әсер етсе
- B) Ірі фирмалар тарапынан ғана еңбекке сұраным болса
- C) Бірдей кәсіби деңгейдегі еңбек ұсынылса
- D) Жұмыс күші белсенді емес болса
- E) Мемлекет пен кәсіподақтың ешқандай әсері болмаса
- F) Жұмыс күші белсенді болса
- G) Еңбек қатынасының субъектілері нақты белгіленсе
- H) Мемлекет пен кәсіподақтың ықпалы зор болса

19. Тұтыну бағаларының индексі:

- A) Жинаққа байланысты
- B) Өзгермейтін қызметтер мен тауарлар жиынына есептеледі
- C) Тұтыну шығындарына байланысты
- D) Жанама салықтарға байланысты
- E) Инвестицияға байланысты
- F) Қызметтер мен тауарлар жиынын есептейді
- G) Қызметтер мен тауарлар «қоржынының» оташа бағаларының өзгеруін сипаттайды

20. AD-AS моделінде экономикалық өсу көрінуі мүмкін:

- A) AS қисығының аралық кесіндісінде
- B) Автономды шығындардың азаюында
- C) AD қисығының кейнсиандық кесіндісінде
- D) AS қисығының оңға жылжуында
- E) Жиынтық ұсыныс қисығының оңға жылжуында
- F) AS қисығының аралық және классикалық кесінділерінде
- G) AS қисығының қалыпты кейнсиандық кесіндісінде

21. Экономикалық цикл фазалары:

- A) Тоқырау
- B) Инфляция
- C) Циклділік
- D) Стагфляция
- E) Дағдарыс
- F) Жандану

22. Бағалардың өсу қарқынына байланысты инфляция түрлері:

- A) гиперинфляция – бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-дан асуы
- B) импортталған инфляция - бағалардың өсу қарқынының жылына 100%-ға дейін болуы
- C) өршімелі инфляция – бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-дейін болуы
- D) баяу инфляция – бағалардың өсу қарқынының жылына 10%-ға дейін болуы
- E) ұлттық инфляция - бағалардың өсу қарқынының жылына 10%-дан асуы
- F) әлемдік инфляция - бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-ға дейін болуы

23. Валюта қолдану саласы мен тәртібіне қарай бөлінеді:

- A) Еркін конверсияланатын (толық қайтарымды)
- B) Баға индексі көмегімен өлшенеді
- C) Шетел валютасын сату сатып алу операциясы
- D) Барлық валюталық операция бойынша (ішінара қайтарымды)
- E) Басқа шетел валютасына айырбасталмайды

24. Валюта курсының динамикасына әсер ететін факторлар:

- A) Тауар мен қызмет көрсету импорты
- B) Әлемдік нарықтағы валюталық сенімділік
- C) Инфляцияға қарсы саясат
- D) Ұлттық табыстың көлемі мен өндіріс шығындарының деңгейі
- E) Ақшаның нақты сатып алу қабілеттілігі және елдегі инфляция деңгейі

25. Экономикалық өсудің қарқынымен сипатын келесі факторлар анықтайды:

- A) табиғат ресурстары, жиынтық сұраныс
- B) өнім проблемасының шешілмеуі
- C) негізгі капитал
- D) уақыт тапшылығы
- E) шығындардың артуы
- F) өнімнің сапасының төмендеуі
- G) бағаның құнсыздануы

**Экономикалық теория**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Макроэкономика

1. Макроэкономика зерттейді:

- A) Елдегі өндіріс көлемінің өсуін
- B) Елдің қаржы-салық жүйесі мен саясатын
- C) Жетілген бәсекелестік жағдайындағы фирмалардың іс-әрекетін
- D) Билайн ұялы телефон операторының нарықтағы үлесін
- E) Өндіріс факторларына табыстардың құрылуын
- F) Тау-кен кәсіпорындарының инвестициялық қызметін
- G) Нарықтағы жағымды және теріс сыртқы әсерлерді

2. Экономикалық теориядағы макроэкономикалық талдауы:

- A) Өндірушілердің игіліктерді өндіру көлемі мен тәсілдерін анықтауы
- B) Ұлттық табыс шамасы
- C) Нарықтағы сұраныс көлемі
- D) Нарықтық бағаның қалыптасуы
- E) Мемлекеттің өндіріс факторларының салааралық бөлінуіне қатысуы

3. Дж.М.Кейнстің ұстанымы:

- A) Экономиканы мемлекет реттеу керек
- B) Экономика ішкі (табиғи) заңдардың ықпалымен өзін-өзі реттейді
- C) Экономиканың циклдық қозғалысы кездейсоқтық емес, нарық заңдылығы
- D) Экономиканы дағдарыстан шығару
- E) Жеке мүддені абсолюттендіру, еркін қимылға экономиканы негіздеді
- F) Экономика әр уақытта тепе-теңдікте болады

4. Макроэкономикалық талдаудың негізгі мәселелеріне жатады:

- A) Инфляция деңгейінің өсуі немесе құлдырауы
- B) Ұлттық өндірістің өсуі немесе құлдырауы
- C) Жалақы мөлшерінің өсуі немесе құлдырауы
- D) Өндірушінің шығынын мейлінше төмендету
- E) Толық жұмыспен қамтылу мен жұмыссыздық

5. Циклдардың негізгі типтері:

- A) Кузнец
- B) Китчин
- C) Вальрас
- D) Пааше
- E) Митчел
- F) Рикардо
- G) Фишер

6. Жабық макроэкономиканың негізгі субектілері:

- A) Қызмет көрсету және тауарлар нарығы
- B) Шетел мемлекеттері
- C) Отандық фирмалар
- D) Мемлекет
- E) Үй шаруашылықтары

7. AS-тің бағадан тыс факторлары:

- A) Бағалар деңгейі
- B) Технологиядағы өзгерістер
- C) Ақша айналысының жылдамдығы
- D) Байлық салдары
- E) Фирмаларға салынған салықтар
- F) Ресурстарға бағалар
- G) Пайыз мөлшерлемесінің салдары

8. Жиынтық сұраныс көлемінің динамикасына әсер ететін бағалық факторлар:

- A) Харрод-Домар үлгісі
- B) Кейнс үлгісі
- C) Клейтон заңы
- D) Манделл-Флеминг әсері
- E) Кейнс әсері
- F) Кобба-Дуглас үлгісі

9. AS қисығына қатысты дұрыс болатын тұжырымдар:

- A) AS қисығының көлбеуі теріс
- B) Баға деңгейі мен шығарылым көлемі арасында кері байланыс бар
- C) AS қисығының бойымен жылжу жиынтық ұсыныстың жалпы баға деңгейі динамикасына байланысты өзгерісін бейнелейді
- D) Қысқа мерзімде AS қисығы оң көлбеулі болады
- E) Бағалық емес факторлар AS қисығын оңға және солға жылжытады

10. Тұтыну функциясының графигіндегі көлбеулігі  $45^\circ$  болатын түзуде:

- A) Үй шаруашылықтарының табыстың әр деңгейіне сәйкес тұтыну көлемін анықтаймыз
- B) Үй шаруашылықтарының табыстың әр деңгейіне сәйкес болатын жинақтау сомаларын анықтаймыз
- C) Жинақтау мен инвестициялар теңдігі бұзылады
- D) Нақты инвестициялар мен қор жинау теңдігі сақталады
- E) Нақты және жоспарланған шығындар бір-біріне тең болады

11. Кейнс кресі үлгісіндегі іс жүзіндегі өнім шығару көлемі  $Y_1$  тепе-теңдік  $Y_0$  көлемнен артса, онда:
- A) Жиынтық сұраныс жиынтық ұсыныстан кем болады
  - B) Қор жинақтары іс жүзіндегі инвестициялардан артық болады
  - C) Сатып алушылар тауарды фирмалардың өндіргенінен аз сатып алады
  - D) Фирмалар өндіріс пен жұмысбастылықты ұлғайтады
  - E) Тауарлы материалдық қор өседі
  - F) Тауарлы материалдық қор қысқарады
12. Ұсыныс жағынан сілкініс болған жағдайда:
- A) Баға да, өнім көлемі мен жұмысбастылық та өседі
  - B) Жиынтық сұраныс қисығы солға-төмен жылжиды
  - C) Өнім көлемі төмендейді
  - D) Жұмысбастылық төмендейді
  - E) Атаулы жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
13. Ақша ұсынысын азайту туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық банк:
- A) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатып алуы мүмкін
  - B) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатуы мүмкін
  - C) Ақша басып шығаруы мүмкін
  - D) Есептеу мөлшерлемесін азайтуы мүмкін
  - E) Міндетті резервтер мөлшерлемесін азайтуы мүмкін
  - F) Кәсіпкерлік құрылымдарды қаржыландыруды арттыруы мүмкін
14. Дж.М.Кейнс бойынша ақшаға сұранысты туындататын, өтемпаздыққа артықшылық берудің себепті уәждері:
- A) Трансакциялық
  - B) Ескерту
  - C) Экзогенді
  - D) Делдалдық
  - E) Трансұлттық
  - F) Сұраныс
15. Төлем балансының негізгі құрылымының құраушысы:
- A) әлеуметтік есебі
  - B) капитал қозғалысының есебі
  - C) елдердің шығаратын тауарларының есебі
  - D) қорлар есебі
  - E) экономикалық есебі
  - F) еңбек санының есебі

16. Графикте LM қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Ақшаға тапшылық байқалады
- B) Ақша нарығында артықшылық
- C) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс ұсыныстан артық
- D) Ақша ұсынысы оның сұранысынан көп
- E) Игіліктер нарығында артықшылық

17. IS қисығының солға жылжуының себептері:

- A) Жинақтардың азаюы
- B) Инвестициялық шығындардың өсуі
- C) Салықтардың көбеюі
- D) Мемлекеттік шығындардың азаюы
- E) Мемлекеттік шығындардың өсуі
- F) Салықтардың азаюы
- G) Тұтынушы шығындарының өсуі

18. Жұмыссыздықтың экономикалық –әлеуметтік салдары:

- A) Жұмысқа қабілеттілік төмендейді
- B) Қылмыс жасауға қолайлы жағдай туындайды
- C) Толық кәсіпкерлікпен қамту орын алады
- D) Ауылда жұмыссыздық көбейеді
- E) Халықтың сатып алу қабілеті төмендейді
- F) Жастар жұмыссыз қалады
- G) Жұмыстан босап қалған жұмысшылардың біліктілігі жоғалады

19. Экономикадағы сұраныс инфляциясына қатысы жоқ құбылыс:

- A) Шикізаттарға шығындардың өсуі
- B) Пайыз мөлшерлемесінің қысқаруы
- C) Инвестициялық шығынның артуы
- D) Әскери шығынның артуы
- E) Халық табысының жоғарылауы

20. Сұраныс инфляциясының ақшалық факторлары:

- A) Халық санының азаюы
- B) Нанның арзандауы
- C) Мәдениет қызметтері бағасының түсуі
- D) Әскери шығындардың өсуі
- E) Жол ақысының өсуі
- F) Трансферттік төлемдер
- G) Мемлекеттік бюджет дефициті

21. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Импортқа салық салынады
- B) Экспорт көлемі ұлғайтылады
- C) Экспорт көлемі қысқартылады
- D) Фиксалдық саясат жүргізіледі
- E) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі
- F) Импорт көлемі ұлғайтылады
- G) Экспорт қаржыландырылады

22. Ашық экономикада макроэкономикалық саясаттың мақсаты:

- A) Ішкі макроэкономикалық реттеулер
- B) Экономиканы ықтимал шығарылым деңгейіне шығару
- C) Сауда балансының жай-күйін бейнелеу
- D) Ауыспалы валюта бағамын көтеру
- E) Ішкі және сыртқы тепе – теңдікке бір уақытта қол жеткізу
- F) Жұмыспен толық қамтуға және төлем балансының нөлдік сальдосына қол жеткізу

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
- B) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
- C) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
- D) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
- E) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- F) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- G) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
- H) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді

24. Егер неміс маркасының долларға шаққандағы бағасы (1 марка) 50-ден 45 центке түссе, онда Германияда бағасы 150 маркамен сатылатын магнитофонның құны (доллармен) қалай өзгереді?

- A) Құны 67,5 доллар болады
- B) 7,50 долларға өседі
- C) 7,50 долларға азаяды
- D) 10 долларға түседі
- E) 15 долларға арзандайды
- F) 8 долларға түседі

25. А елінде капиталдың шекті өнімділігі  $1/5$ , ал В елінде –  $1/3$ . Тұтынуға шекті бейімділік екі елде де бірдей. Домар үлгісі бойынша нақты өнім өндірудің өсу қарқыны А елінде:

- A) В еліне қарағанда 13% төмен
- B) В еліне қарағанда 1,67% есе жоғары
- C) В еліне қарағанда 40% жоғары
- D) В еліне қарағанда 45% төмен
- E) В елінің өсу қарқынынан 40% төмен
- F) В еліндегі өсу қарқынының 60%-ын құрайды

**Макроэкономика**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Қаржы

1. Қаржылық ресурстардағы негізгі орын алатын құнның негізгі элементтері:
  - A) табыс
  - B) әлеуметтік мұқтаждарға төленетін жарналар және амортизациялық аударымдар
  - C) материалдық шығындар
  - D) негізгі қордың амортизациясы
  - E) инвестициялар
  
2. Қаржылық ресурстарды өсірудің маңызды факторлары:
  - A) өнеркәсіп өндірісінің материалдық - заттай құрылымы
  - B) шет ел банктерінің салымдары
  - C) сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдерді арттыру
  - D) қор қайтарымын арттыру
  - E) қаржылық ресурстарды қалыптастыру
  
3. Валюта жүйесінің нәтижесінде:
  - A) қоғамдық қатынастардың дамуына жағдай жасалынады
  - B) халықаралық еңбек бөлінісі үшін жағдайлар жасалады
  - C) экономикалық, саяси, мәдени және басқа байланыстар дамиды
  - D) бір елден басқа мемлекетке экономикалық ресурстардың қайта құйылымы жүзеге асады
  - E) өндірістің дамуына жағдай жасалынады
  
4. Қаржылық механизмнің құрылымында мынадай функциялық буындарды бөледі:
  - A) қадағалау
  - B) бақылау
  - C) реттеу
  - D) қаржы ресурстарын бөлу
  - E) өндірісте қаржылық ресурстарды орналастыру
  - F) қаржыландыру
  - G) экономикалық көтермелеу

5. Қаржы механизмінің құрамы:

- A) қаржы рыногының механизімі
- B) бағалы қағаздар рыногының механизімі
- C) үй шаруашылығының қаржылық механизімі
- D) зейнетақы рыногының механизімі
- E) ақша рыногының механизімі
- F) мемлекет қаржысының механизімі
- G) кредит рыногының механизімі

6. Квазимемлекеттік сектордың субъектілері:

- A) аралас кәсіпорындар
- B) мемлекеттік кәсіпорындар
- C) қазыналық кәсіпорын
- D) сенімдегі серіктестік
- E) қоғамдық бірлестіктер
- F) коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар
- G) ұлттық компания

7. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақшалай қатынастарының ірілендірілген топтары:

- A) кредиттік мекемелермен
- B) сақтық органдарымен
- C) мемлекетпен
- D) қазнашылықпен
- E) қор биржасымен
- F) салық органдарымен

8. Дәрменсіз кәсіпорындарды қайта құрылымдау төмендегідей іс-шараларды қамтиды:

- A) концессия
- B) өндірісті технологиялық жағынан негізделген саралаудың іс-шаралары
- C) жекешелендіру
- D) мемлекет иелігінен алу
- E) кластерлер
- F) мониторинг



9. Ғылыми және ғылыми – техникалық процесті мемлекеттік бюджеттен қаржыландырулар нысандары:

- A) бюджеттен тыс қорлар есебінен қаржыландыру
- B) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру
- C) мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру
- D) өзін-өзі қаржыландыру
- E) гранттық қаржыландыру
- F) коммерциялық есеп
- G) базалық қаржыландыру

10. Мемлекеттің шығыстарын қаржыландырудың әдістері:

- A) трансферттік қаржыландырулар
- B) бюджеттік қаржыландыру
- C) субвенциялар
- D) демеу қаржылар
- E) шаруашылық есептегі кәсіпорындар мен ұйымдарды қаржыландыру
- F) эмиссиялық қаржыландыру

11. Салық салу практикасында мөлшерлемелердің түрлері:

- A) айырықшалықты
- B) пайызсыз
- C) пропорционалды
- D) тұрақсыз
- E) мүлік
- F) тұрақты
- G) құрамдастырылған

12. Мемлекеттік бюджет бөлгіштік функция шеңберінде қосалқы функцияларды орындайды:

- A) экономиканы мемлекеттік реттеу және көтермелеу
- B) әлеуметтік саясатты қаржымен қамтамасыз ету
- C) тұрақтандыру
- D) ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қорларын жасау және пайдалану
- E) мемлекет қаржысының орналастыру
- F) қайта бөлу
- G) бөлу

13. Қазақстан Республикасының аумағында бюджеттік үдерісі қамтамасыз етіледі:

- A) бақылау тәртібімен
- B) әзірлеумен
- C) жоспарлаумен
- D) бюджеттің бір деңгейінің екіншісіне беретін трансферттерімен
- E) қаржы жүйесінің тұтастығымен

14. Бюджеттің шығыстары:

- A) трансферттерің түсімдері
- B) қарыздар келісім-шарттарын жасауға байланысты ақшалай түсімдер
- C) мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер
- D) бюджеттік кредиттер
- E) қаржылық активтерді сатып алу

15. Бюджеттен тыс қорлар:

- A) бюджет тапшылығын жабуға арналған
- B) экономиканың маңызды салаларын қаржымен қосымша қаржыландырады
- C) экономиканы тұрақтандыру қоры
- D) мемлекеттің қатаң белгілі мақсаттарға пайдаланатын және заң жүзінде немесе нормативті түрде қалыптасуының бекітілген көздері бар ақшалай ресурстардың жиынтығы
- E) мемлекеттік қор
- F) әлеуметтік-экономикалық дамудың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған

16. Мемлекеттік борышты басқарудың әлемдік практикасы мынадай әдістерді қарастырады:

- A) қайта қаржыландыру
- B) борышты есепке алу
- C) мемлекеттік борышты төлеуден бас тарту
- D) бағалау
- E) жоспарлау

17. Бюджет шеңберінде мынадай оқшауланған ақшалай қорлар қалыптасады:

- A) ортақ
- B) бірлескен
- C) жеке
- D) дара
- E) жинақтау
- F) жалпы
- G) қорланым мен қамтамасыз ету

18. Сақтандыру категориясының қаржылық категориямен ортақ өзгеше белгілері:

- A) сақтық қатынастарының жалпылама сипаты
- B) сақтық қатынастарының ақшалай сипаты
- C) сақтандыру қызметінің ақшалай қорларды жасауға қатысуы
- D) сақтық қатынастарының бір бөлігінің міндетті сипатының болуы
- E) сақтандырудың қоғамдық өнімнің құнын қайта бөлуге қатысуы
- F) сақтық қатынастарының қатынастарының кездейсоқтық сипаты
- G) сақтық қатынастарының сақтық қорлары түріндегі сипаты

19. Облигациялардың түрлері:

- A) инвестициялық
- B) банктік
- C) ашық
- D) кәсіпорындар
- E) агенттік
- F) ипотекалық

20. Мемлекеттік қаржылық реттеуді жүзеге асырудың алғышарттары:

- A) қоғамдық өндірістің даму үдерісіне мемлекеттің қаржылық тұтқалар арқылы араласуы
- B) қоғам дамуының объективті экономикалық заңдарының әрекетін есепке алу
- C) көзқарастарды білдіретін демократиялық жүйенің болуы
- D) қаржылық ресурстарды шебер пайдаланудың күнделікті үдерісін қамтамасыз ету
- E) макроэкономикалық тепе-теңдікке жету
- F) мемлекеттің қаржылық ықпал жасауының нысандары мен әдістерін мақсатты және дәйекті қолдану

21. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы қаржы рыногының дамыған инфрақұрылымы:

- A) Банкаралық есеп айрысудың Қазақстан орталығы
- B) Қазақстан қор биржасы (KASE)
- C) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры
- D) Екінші деңгейлі банктер
- E) Теңге сарайы мен Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығын

22. Қаржы рыногы:

- A) Қаржылық ресурстарды үздіксіз қалыптастырып отырады
- B) Мемлекеттік және бағлы қағаздар ұстаушлар тізілімін жүргізіледі
- C) Қаржылық ресурстарды тиімді пайдаланады
- D) Мемлекеттік және бағлы қағаздар дамуының бағдарламаларын әзірлейді
- E) Жер табиғат ресурстары
- F) Жұмыс күші, тұрғын үй және басқа жылжымайтын, рыноктармен етене байланысты

23. Сыртқы экономикалық қызметтің стратегиялық бағыты:

- A) валюта рыногын ынталандыру
- B) валюта рыногын кеңейту
- C) ұлттық валютаның айырбасталымдылығына жету жөніндегі шараларды әзірлеу
- D) ұлттық валютаның айырбасталымдылығына жету жөніндегі шараларды енгізу
- E) валюта рыногын дамыту

24. Сыртқы экономикалық қызметті жетілдіруге жатады:

- A) сыртқы экономикалық қызметті орталықтандыру
- B) жекешелендіру
- C) сыртқы экономикалық қызметті орталықсыздандыру
- D) сыртқы экономикалық қызметті реттеу
- E) сыртқы рынокты ынталандыру
- F) коммерциялық қызметті жетілдіру

25. Ақшаның құнсыздануына әсер ететін факторлар:

- A) нарық заңдары
- B) несие саясаты
- C) баға өзгерісі
- D) көлеңкелі экономика
- E) қолайсыз төлем балансы
- F) жұмыссыздық

**Қаржы**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Корпоративтік қаржы

1. Корпорацияның қаржысын ұйымдастырудың принциптері:

- A) Шаруашылық қызметті өзін – өзі реттеу
- B) Экономикалық мақсатта пайдалану
- C) Негізгі капиталды ұдайы жаңарту
- D) Өзін – өзі қаржыландыру
- E) Өзін – өзі кредиттеу

2. Басқа бизнес ұйымдарымен салыстырғанда корпорацияның айрықша белгілері:

- A) Тек мемлекеттің тапсырысын орындайды
- B) Меншік иелеріне өз атынан ақшалай нысанда капитал тарта алмайды
- C) Меншік иелеріне тәуелсіз қызмет етеді
- D) Меншік иелеріне өз атынан ақшалай нысанда капитал тарту құқығына ие
- E) Акционерлердің жеке мүлкін тәркілеу мүмкін емес

3. Құнды қағазды пайдаланудан түсетін табысты алу тәсілдері:

- A) бекітілген пайыздық төлем
- B) эмитенттер
- C) меншік иелері
- D) кредиторлар
- E) акционерлер

4. Есептеу кезеңі:

- A) аз уақыт аралығы
- B) бөлу
- C) есептеу уақыт аралығы
- D) несие пайызын төмендету
- E) несие пайызын арттыру
- F) кіріс алынатын уақыт аралығы
- G) мөлшерді азайту

5. Қаржылық қызметті атқаруға жауапты кәсіпорынның орталықтары:

- A) ақша айналымын басқару
- B) несиелеу
- C) шығындар және кіріс
- D) бюджеттеу
- E) инфляциялау
- F) бақылау, талдау

6. Материалдық емес активтің өзіне тән белгілері:

- A) Жарғылық капиталға жарна ретінде
- B) Ұзақ пайдалану
- C) Пайда әкелу қабілеті
- D) Ақшалай қаражат
- E) Тегін алғанда
- F) Төлем үшін сатып алғанда
- G) Қарыз қаражаты бойынша

7. Негізгі капиталға келесілер кіреді:

- A) Материалдық емес актив
- B) Аяқталмаған өндіріс
- C) Ақша қаражаттары
- D) Материалды активтер
- E) Еңбек құралдары
- F) Ұзақ мерзімді қаржы инвестициясы

8. Негізгі құралдарды бағалау түрлері:

- A) қалдық құн
- B) жоғары құн
- C) ағымдағы құн
- D) қалыпқа келтіру бағасы
- E) жеделдетілген баға

9. Айналым қаражатының күнмен есептелетін нормасына кіреді:

- A) Кепілді запас түрінде болатын уақыт
- B) Өнделетін бұйым жұмыс орнында жатуы
- C) Өндірістік кезеңнің орташа ұзақтығы
- D) Өндіріс және өнім сату көлемі
- E) Материалдың жекелеген түрі
- F) Тікелей өндеу процесі

10. Кәсіпорынның айналым қаражатқа қажеттілігін анықтайтын факторлар:

- A) Өтімділікке
- B) Бақылау, жоспарлау және басқару практикасына
- C) Даяр өнімді сатуына
- D) Кәсіпорын капиталының құрылымына
- E) Өндіріс пен сату мөлшеріне

11. Компанияның меншік капиталының құрамына кіреді:

- A) Резервтік капитал
- B) Бөлінбеген пайда(жабылмаған шығын)
- C) Ұзақ мерзімді кредиттер
- D) Қысқа мерзімді кредиттер және займдар
- E) Шыққан облигациялық займдар
- F) Кредиторлық міндеттеме

12. Ағымдағы шығынды жоспарлау процесінде ескерілетін факторлар:

- A) Оның номенклатурасы мен ассортиментінің ауытқуы
- B) Негізгі
- C) Материалдық
- D) Негізгі емес
- E) Өндіріс көлемін белгілеу
- F) Өндірістің және өнім сату көлемінің өзгеруі
- G) Баға факторы

13. Ұйымның барлық шығысы өзіндік құнға кіретін келесі шығын элементтеріне бөлінеді:

- A) Амортизация нормасы
- B) Еңбекақы төлеу шығыны
- C) Негізгі құралдар амортизациясы
- D) Қажеттілікке бөлінетін бөліністер
- E) Өндірістік
- F) Материалдық емес шығын

14. Компанияның таза кірісі бағыттар бойынша бөлінеді:

- A) Тұтыну қоры
- B) Жинақтау қоры
- C) Корпоративті табыс салығы
- D) Еңбекақы төлеу
- E) Резервтік қорға
- F) Амортизациялық аударымдар

15. Пайдалылықтың негізгі көрсеткіштерінің топтастырылуы:

- A) Қолма-қол ақшалай қаражат ағынының негізінде есептелуі
- B) Таза кіріс
- C) Негізгі қызметтен алынған кіріс
- D) Өнім пайдалылығының көрсеткіші
- E) Капитал пайдалылығының көрсеткіші
- F) Меншікті капитал
- G) Қалыпты қызметтен алынған кіріс

16. Компанияның меншік капиталының құрамы:

- A) резервтік капитал
- B) жарғылық капитал
- C) кредиторлық міндеттеме
- D) қысқа мерзімді кредиттер және займдар
- E) ұзақ мерзімді кредиттер
- F) бөлінбеген кіріс (жабылмаған шағын)

17. Резервтік капитал:

- A) Қоғамның облигациясын өтеу
- B) Кіріс
- C) Ақшалай төлем
- D) Басқа көздің есебінен қалыптасуы
- E) Істен шыққан мүлікті сатудан түскен түсімі

18. Тұтыну қорына жатады:

- A) Есеп айрысу
- B) Басқа көздің есебінен қалыптасуы
- C) Материалдық көмек
- D) Шығыс
- E) Таза пайда
- F) Кіріс
- G) Ақшалай төлем

19. Корпоративтік облигация қаржы құралы ретінде білдіреді:

- A) Қаржы делдалына төленетін комиссиялық сыйақыны
- B) Салық пен жиын төлеуді
- C) Инвесторлардың пайыздық кірісті алдын-ала белгіленген нысанда алу және қарыздың негізгі сомасын қайтаруды қамтамасыз етуді
- D) Инвесторларға қосымша құқық пен кепілдік беруді
- E) Капиталды шоғырландыруға және шаруашылықтың түрлі салалары арасында оны ақшалай нысанда қайта бөлуді

20. Әдетте төтенше жағдайдың пайда болуы:

- A) кәсіпорынға тиесілі активтің экспроприациясы
- B) табиғи апаттан
- C) мемлекеттің араласуынан
- D) халық жағдайына байланысты
- E) активті сатудан
- F) банкроттық
- G) өнім сатудан



21. Облигациялық қарыздарды орналастырумен байланысты шығындар келесілерден құрылады:

- A) дивидендтік төлем
- B) кепілмен қамту құны
- C) сақтандыру шығын
- D) пайыздан, облигация бойынша дисконт
- E) шығару және орналастыру бойынша қосымша шығындар
- F) қаржылық делдалға (андеррайтерге) комиссиялық сыйақы

22. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық типтері:

- A) жоғары тұрақтылық
- B) қалыпты тұрақтылық
- C) орташа тұрақтылық
- D) стандартты тұрақтылық
- E) қаржылық тұрақсыз жай - күйі
- F) ағымдық тұрақтылық
- G) төмен орнықтылық

23. Бірлесу үшін кәсіпорынды диагностикалау процесінде оның қызмет етуінің келесі құрылымдық қаржылық параметрлерге негізгі көңіл аударылуы қажет:

- A) міндеттеме құрылымына
- B) қаржы құрылымына
- C) актив және капитал құрылымына
- D) ақша ағымының құрылымына
- E) инвестиция құрылымына

24. Дағдарыс жағдайында кәсіпорынның қаржысын тұрақтандыру сатыларының жүзеге асырылуы:

- A) Меншікті қаржы ресурсының көлемін ұлғайту
- B) Қаржыны тұрақтандырудың стратегиялық механизмі
- C) Ұзақ кезеңде қаржы тепе-теңдігін қамтамасыз ету
- D) Меншікті қаржы ресурсының тұтыну қажет көлемін қысқарту
- E) Қаржыны тұрақтандырудың жедел механизмі
- F) Қаржыны тұрақтандырудың тактикалық механизмі
- G) Төлемге қабілетсіздікті жою

25. Қаржы көрсеткішінің экономикалық-математикалық моделінің құрылымдық сатысы:

- A) Келтірілген пайданың ең жоғары мөлшері
- B) Қаржы көрсеткішінің нақты болжанған ықтимал серпінін талдау
- C) Қаржы көрсеткішінің келешектегі ықтимал серпінін талдау
- D) Оңтайлы нұсқаны таңдау
- E) Ағымдағы шығынның ең аз мөлшері
- F) Қаржы көрсеткіші болжамының нақты нұсқасын әзірлеу

**Корпоративтік қаржы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**